

**Қостанай облысы Қостанай ауданы Октябрь ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2014 жылғы 11 наурыздағы № 186 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 18 сәуірде № 4605 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2022 жылғы 24 наурыздағы № 145 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 24.03.2022 № 145 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3-бабының 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Қостанай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Қостанай ауданы Октябрь ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қостанай облысы Қостанай ауданы Октябрь ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай аудандық мәслихатының

кезектен тыс сессиясының төрағасы

С. Кульбеков

Қостанай аудандық мәслихатының хатшысы

А. Досжанов

КЕЛІСІЛДІ

Қостанай облысы Қостанай ауданы

Октябрь ауылдық округінің әкімі

\_\_\_\_\_ Т. Рымбаев

## **Қостанай облысы Қостанай ауданы Октябрь ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары**

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысы Қостанай ауданы Октябрь ауылдық округінің (бұдан әрі - Октябрь ауылдық округі) бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және Октябрь ауылдық округінің ауылдар тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Октябрь ауылдық округінің аумағындағы ауылдар тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

### 2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі

3. Бөлек жиын Октябрь ауылдық округінің әкімімен шақырылады.

Қостанай ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Октябрь ауылдық округі ауылдарының шегінде бөлек жиынды өткізуді Октябрь ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Октябрь ауылдық округі ауылдарының қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарына тіркеу жүргізіледі.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 21.09.2020 № 559 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

7. Бөлек жиынды Октябрь ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Октябрь ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Октябрь ауылдық округі ауылдарының тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Қостанай аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Октябрь ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.

Мәслихаттың  
2014 жылғы 11 наурыздағы  
№ 186 шешіміне қосымша

**Қостанай облысы Қостанай ауданы Октябрь ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 21.09.2020 № 559 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

№	Елді мекеннің атауы	Қостанай облысы Қостанай ауданы Октябрь ауылдық округінің ауылдар тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
1	Қостанай облысы Қостанай ауданы Октябрь ауылдық округінің Октябрьское ауылының тұрғындары үшін	160
2	Қостанай облысы Қостанай ауданы Октябрь ауылдық округінің Лиманное ауылының тұрғындары үшін	26
3	Қостанай облысы Қостанай ауданы Октябрь ауылдық округінің Молокановка ауылының тұрғындары үшін	34
4	Қостанай облысы Қостанай ауданы Октябрь ауылдық округінің Нечаевка ауылының тұрғындары үшін	40
5	Қостанай облысы Қостанай ауданы Октябрь ауылдық округінің Рыбное ауылының тұрғындары үшін	16

6

Қостанай облысы Қостанай ауданы Октябрь ауылдық округінің Шоққарағай ауылының тұрғындары үшін

10

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК